




МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



mmgpress



mangistaumunaigaz_jsc



mmginfo



mangistaumunaigaz

№04 (198), МАМЫР, 2026



ЕРЛІК ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК ҰРПАҚТЫ БІРІКТІРЕДІ

Жеңіс күні қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен жас мамандары игі дәстүр бойынша компания ардагерлерін – тыл еңбеккерлерін, ауған соғысының ардагерлерін және Чернобыль АЭС-індегі апат салдарын жоюға қатысушыларды арнайы барып, мерекемен құттықтады.



Компания қызметкерлері Басқарма атынан ардагерлердің әрқайсысына құттықтау ашықхаттары мен азық-түлік табыстап, олардың ерлігі мен қайсарлығын әрдайым есте сақтайтындарын жеткізді. Сонымен қатар, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ардагерлерге 90 АЕК көлемінде (389 мың теңге) материалдық көмек көрсетті.

Мұнайшылар аға буын өкілдеріне зор денсаулық пен отбасылық амандық тіледі. Өз кезегінде ардагерлер ең басты сыйлық – бұл құрмет пен көңіл екенін атап өтіп, жас ұрпақты бейбітшілік пен татулықта өмір сүруге және өздері бастан өткерген ауыртпалықтарды ешқашан көрмеуге шақырды.



МҰНАЙШЫНЫҢ ЕРЛІГІ



11 мамыр күні Каспий жағасында болған оқиға көпшіліктің жүрегін толқытты. Бұл күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның қызметкері, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы № 1-ші мұнай-газ өндіру цехының слесарь-жөндеушісі Қанатов Жазмұрат суға батып бара жатқан екі жасөспірімнің өмірін арашалап қалды. Оның әрекеті — даңқ іздеген батырлық емес, адам өмірі қыл үстінде тұрған сәтте жүрек әмірімен жасалған азаматтық ерлік.

Сол күні Жазмұрат балаларымен бірге теңіз жағасында серуендеп жүрген. Күнделікті тыныш демалыстың бір сәтте үлкен сынаққа айналарын ол білген жоқ. TikTok желісінде тікелей эфир жүргізіп тұрған кезде кенеттен балалардың жан дауысы естіледі:

— Ағай, екі бала батып жатыр!

Бұл сөзден кейін ол бір сәт те кідірмеген. Телефонын қасындағы адамдарға ұстата салып, бірден суға секірген. Толқынмен алысып жатқан екі жасөспірімді екі жағынан сүйреп, жағаға қарай алып шығады. Жағадағы адамдарға айқайлап көмек

сұрап, бәрі жұмыла жүріп балаларды аман алып қалған.

Кейін белгілі болғандай, суға кеткен балалар үш дос болып жүрген екен. Үшіншісі көмектесуге тырысқанымен, шамасы жетпеген. Балалардың жастары небәрі 15-16 шамасында.

Жазмұрат балаларды жағаға шығарған соң да қарап қалмай, алғашқы көмек көрсеткен. Жұтқан суларын шығарып, өз-өзіне келуіне көмектескен. Ал өзі болса қатты әлсіреп қалғанын кейін ғана сезіпті.

— Біраздан кейін қарасам, екі бала да есін жиып, біраз жақсарып қалған екен. Сол кезде ғана көңілім орнына түсті, — дейді ол.

2013 жылдан бері «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясында еңбек етіп келе жатқан Жазмұрат — бес баланың әкесі. Қарапайым еңбек адамы. Бірақ дәл сондай қарапайым адамдар қоғамның нағыз тірегіне айналатыны осындай сәтте анық көрінеді.

Ол өзінің бұл әрекетін ерекше ерлік санамайды.

— Менің орнымда кез келген азамат осылай істер еді. Ең бастысы — балалардың аман қалғаны, — дейді қарапайым ғана.

Алайда оның осы бір сөзінің артында үлкен жауапкершілік, батылдық және адам өміріне деген жанашырлық жатыр.

Жазмұрат бұл оқиғадан кейін жүзуді білудің маңызын терең түсінгенін айтады. Ол кезінде «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы

ұйымдастырған бассейн сабақтарына қатысып, жүзуді меңгерген екен. Бүгінде сол дағды бір емес, екі баланың өмірін сақтап қалуға себеп болды.

— Каспийдің жағасында тұрған соң жүзуді білу өте маңызды. Өз балаларымды да кішкентайынан жүзуге баулып келемін. Қазір олар түрлі жарыстарға қатысып, жүлде алып жүр, — дейді ол.

Шынында да, кейде адам өмірін сақтап қалатын нәрсе — дер кезінде үйренген бір дағды, бір шешім, бір батыл қадам болуы мүмкін.

Қанатов Жазмұраттың әрекеті — адамдық борыштың биік үлгісі. Оның ерлігі көпшілікке ой салары анық. Себебі қоғамның күші — осындай жүрегі мейірімге толы, қауіптен тайсалмайтын азаматтарында.

Балалардың өмірін сақтап қалған әріптесімізге алғыс білдіре отырып, барша жұртты қауіпсіздікке бейжай қарамауға, ал балаларды жүзуге үйретуге шақырамыз.

ӨНДІРІСТЕ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЭКОЛОГИЯ БАҚЫЛАУЫ КҮШЕЙДІ

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

15–18 сәуір аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментінің мамандары Қызылорда облысында орналасқан «ҚазГерМұнай» БК ЖШС кен орындарына жұмыс сапарымен барды. Іс-шара 2025–2027 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі жол картасы аясында ұйымдастырылды.

Іссапардың басты мақсаты – өндірістік қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау және экологиялық бағыттағы озық тәжірибелермен алмасу болды.

Сапар барысында мамандар өндірістік нысандарды аралап, еңбек жағдайларымен танысты. Қызметкерлердің жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі,



қауіпсіздік техникасының сақталуы және өндірістік үдерістердің қолданыстағы талаптарға сәйкестігі жан-жақты зерделенді.

Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау мәселелері де кеңінен қаралды. Атап айтқанда, атмосфераға шығарылатын зиянды заттар көлемін азайту, өндірістік қалдықтарды тиімді басқару және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бағыттары талқыланды.

Іссапар қорытындысында өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру мен экологиялық жауапкершілікті күшейтуге бағытталған бірқатар ұсыныстар ортаға салынды.

Мұндай тәжірибе алмасу шаралары еңбек қауіпсіздігін нығайтуға, өндіріс тиімділігін арттыруға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды жетілдіруге оңықпал етеді.



SAFETY FIRST QUIZ–2026

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментінің ұйымдастыруымен Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне арналған «Safety First QUIZ–2026» зияткерлік турнирі жоғары деңгейде өткізілді.

Бұл күн – өндірісте қаза тапқан немесе жарақат алған жұмысшыларды еске алу мақсатында қалыптасқан маңызды дата. Алғаш рет 1989 жылдың 28 сәуірінде Америка мен Канада жұмысшылары өз әріптестерінің рухына тағзым ету мақсатында атап өткен. Бүгінде бұл күн – адам өмірінің құндылығын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі талаптарын күн сайын қатаң сақтау қажеттігін еске салатын ерекше мәнге ие.

Өткен жылы Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні форум форматында ұйымдастырылса, биыл іс-шара зияткерлік КВИЗ форматында өткізілді. Мұндағы басты мақсат – еңбекті қорғау тақырыбын барынша қызықты әрі қолжетімді түрде жеткізіп, қызметкерлердің қауіпсіздік мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру.

Турнирге барлығы 9 команда қатысты: «ЖМГ» ӨБ-нен 3 команда, «ҚМГ» ӨБ-нен 3 команда және департаменттерден 3 команда.

Турнир барысында командалар жоғары дайындық деңгейін, ұйымшылдық пен тапқырлықты көрсетті. Қатысушылар арасында өзара бәсекелестік жоғары болып, ойын тартысты әрі қызықты өтті.

Турнир қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

- 1-орын — «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ «Ozimiz» командасы;
- 2-орын — Орталық аппарат «8 бит» командасы;
- 3-орын — «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ «OILanain» командасы.



Жеңімпаздар қаржылай сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды.

Барлық қатысушыларға белсенділік танытып, қауіпсіздік мәдениетін дамытуға қосқан үлестері үшін алғыс білдіреміз. Осындай іс-шаралар ұжым

бірлігін нығайтып қана қоймай, әр қызметкердің еңбек қауіпсіздігіне деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Алдағы уақытта да осындай мазмұнды әрі пайдалы кездесулерде жүздесеміз деген сенімдеміз.





«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да «Үздік маман – 2026» кәсіби шеберлік байқауының I кезеңі аяқталды: үздіктердің үздігін анықтау үшін «Қаламқасмұнайгаз» және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармаларынан 157 қызметкер бақ сынасты.

Байқауға мұнай және газ өндіру операторлары, жөндеуші слесарьлар, қабат қысымын ұстау операторлары, электргазбен дәнекерлеушілер, ұңғымаларды зерттеу операторлары, химиялық талдау зертханашылары, тауар операторлары, технологиялық сорғылар машинистері және токарьлар қатысты.

Сайыс екі кезеңнен тұрды: тәжірибелік және теориялық.

«Үздік маман – 2026» байқауының I кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды, сондай-ақ оларға тиісінше 100, 70 және 50 АЕК мөлшерінде біржолғы сыйақы қарастырылған.

Сонымен қатар, «Тауар операторы» номинациясы бойынша қатысушыларға көмектескен қызметкерлер (дублерлер) мен комиссия мүшелері де марапатталды. Қоғамның кәсіподақ комитеті атынан 4-орын алған қатысушыларға да ынталандыру сыйлықтары табысталды.

«Қаламқасмұнайгаз» және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармаларынан I кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері 2026 жылғы 21–22 мамырда өтетін II кезеңде өзара бақ сынасады.



ШЕБЕРЛІККЕ ШЕК ЖОҚ





Қазақстан Республикасы Конституциясының 21-бабында әр азаматтың жеке өміріне қол сұғылмауына ерекше мән берілген. Атап айтқанда:

«Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі».

Бұл норма әр адамның жеке өмірі, отбасы, жеке мәліметтері мемлекет қорғауында екенін білдіреді. Ешкім азаматтың рұқсатынсыз оның жеке

ақпаратын заңсыз жинауға немесе таратуға құқылы емес.

Бұл құқық нені қамтиды?

Конституциялық құқық:

- адамның жеке өмірін қорғауды;
- отбасы құпиясының сақталуын;
- телефон, хат алмасу және жеке ақпараттың құпия болуын;
- жеке деректердің қауіпсіз сақталуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі цифрлық технологиялар дамыған кезеңде бұл мәселе ерекше маңызға ие. Әлеуметтік желідегі мәліметтер, телефон нөмірі, жеке куәлік деректері, банк карталары туралы ақпарат – барлығы дербес дерек болып саналады.

Өмірден алынған мысалдар

Мысал 1. Жеке мәліметті рұқсатсыз тарату

Егер біреу азаматтың телефон нөмірін немесе жеке суреттерін оның келісімінсіз интернетке жарияласа, бұл – заң бұзушылық.

Мысал 2. Жұмыс орнындағы құпиялылық

Қызметкердің жеке деректерін немесе отбасылық жағдайын оның рұқсатынсыз жария етуге болмайды.

Мысал 3. Цифрлық қауіпсіздік

Алаяқтардың азаматтардың ЖСН-ін, банк картасының деректерін немесе SMS-кодтарын иемденуге

әрекет жасауы – дербес деректерге заңсыз қол сұғу болып табылады.

Әр азамат нені білуі керек?

- Жеке мәліметтерді бөгде адамдарға бермеу;
- Күмәнді сайттар мен сілтемелерге сақ болу;
- Құпия сөздерді қорғау;
- Өзгенің де жеке өміріне құрметпен қарау маңызды.

Конституция әр азаматтың арнамысы мен жеке өмірін қорғауға кепілдік береді. Сондықтан цифрлық мәдениет пен құқықтық сауаттылықты арттыру – бүгінгі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.



ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚ – БОЛАШАҚҚА ЖАУАПКЕРШІЛІК

Соңғы жылдары экологиялық мәселелер бүкіл әлем үшін ең өзекті тақырыптардың біріне айналды. Табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау, көгалдандыру жұмыстарын күшейту — тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азамат пен әрбір ұжымның ортақ міндеті. Бұл бағытта «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы да игі бастамалардан шет қалмай, өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға тұрақты түрде үлес қосып келеді.

2026 жылғы 1–4 мамыр аралығында Жетібай тобы кен орындарында ауқымды көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының қызметкерлері табиғатты қорғауға бағытталған экологиялық акцияға белсенді қатысып, кен орындары аумағына барлығы 1800 түп ағаш отырғызды. Оның ішінде 800 түп катальпа және 1000 түп айлант ағашы егілді.

Бұл — жай ғана ағаш отырғызу шарасы емес. Бұл — өндіріс пен табиғат арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған нақты қадам. Әсіресе табиғаты қуаң Маңғыстау өңірі үшін әрбір отырғызылған көшеттің маңызы ерекше. Себебі жасыл желек — ауаны тазартып қана қоймай, өңірдің микроклиматын жақсартуға, қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар мұнымен шектелген жоқ. 8 мамыр күні «Таза Қазақстан» бүкіл республикалық экологиялық акциясы аясында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны

қорғау департаментінің қызметкерлері Ақтау қаласының 12-шағынауданында орналасқан әкімшілік ғимарат аумағында сенбілік өткізді.

Іс-шара барысында қызметкерлер аумақты санитарлық тазалау және абаттандыру жұмыстарына белсенді атсалысты. Тұрмыстық қалдықтар мен қураған шөптер жиналып, ағаштардың түбі қопсытылды, аумақ ретке келтіріліп, бордюрлер мен ағаштар әктелді.

Мұндай шаралардың мәні тек тазалық жұмыстарымен ғана өлшенбейді. Бұл — ұжымдық жауапкершіліктің, туған жерге деген жанашырлықтың және экологиялық сана қалыптастырудың айқын көрінісі. Табиғатқа деген қамқорлық ең алдымен адамның өз ортасына деген құрметінен басталады.

Бүгінде өндірістік компаниялардың қоғам алдындағы жауапкершілігі тек экономикалық көрсеткіштермен шектелмейді. Қоршаған ортаға ұқыпты қарау, экологиялық қауіпсіздікті сақтау, жасыл бастамаларды қолдау — заманауи өндірістің маңызды қағидала-



рының біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, мұнайшылардың атқарып жатқан жұмыстары көпшілікке үлгі боларлық.

Табиғатты қорғау — бір күндік науқан емес, үздіксіз жалғасатын ортақ міндет. Қазақстан Республикасы Конституциясының 37-бап 1-тармағына сәйкес - Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті. Ертеңгі ұрпаққа таза ауа, көрікті өлке, жасыл орта қалдыру — бүгінгі буынның басты жауапкершілігі. Ал мұндай игі істер қоғамда экологиялық мәдениеттің нығаюына, адамдардың туған жерге деген жанашырлығының артуына ықпал ететіні сөзсіз.



ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕКТІ ҰШТАСТЫРҒАН АЗАМАТ



Хиуалиев Айдарбай Избасарұлы 1970 жылы 15 қыркүйекте Қарақалпақ Республикасы құрамындағы Ходжелі қаласында дүниеге келген. Қарапайым отбасында өмірге келген ол жастайынан адалдық пен жауапкершілікті бойына сіңіріп өсті. Үш жасында ата-анасымен бірге Маңғыстау облысына қарасты Бейнеу ауданының Ақжігіт ауылына қоныс аударып, балалық шағы сол ауылда өтті. Ауыл тіршілігінің қайнаған ортасында жүріп, еңбекке ерте араласты, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету секілді ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсті.

Айдарбай Избасарұлы мектеп қабырғасында жүріп-ақ алғырлығымен көзге түсті. Ұстаздарының сенімін ақтап, сыныптас-тарының арасында сыйлы болды. Әкесінің қызметіне байланысты отбасы Сыңғырлау жеріне қоныс аударып, білімін сол жақта жалғастырады. Қай ортаға барса да тез бейімделіп жететін жас жігіт бұл ауылда да өзінің жағымды мінез-құлығымен жанына жақсыларды жинай білді.

1988 жылы 18 жасқа толған шағында Бейнеу аудандық әскери комиссариаты арқылы Кеңес армиясы қатарына шақырылады. Алғашқы әскери дайындықтан Беларусь жерінде өтіп, тәртіп пен төзімділіктің нағыз мектебіне тап болады. Кейін Оңтүстік Кавказ аймағына жіберіліп, Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығыс кезінде әскери қызмет атқарады. Таулы Қарабақ аумағындағы күрделі жағдай жас сарбаздар үшін үлкен сын болды.

Оңтүстік Кавказдың биік шыңдары мен шөлейт жазықтарының арасында әскери қақтығысты көрген ол жауынгер ретінде интернационалдық борышын адал атқарды. Бұл қызмет атақ-даңқ үшін емес, тұрақтылық пен тыныштықты сақтау жолындағы міндет еді. Қауіп-қатерге толы кезең оның жігерін шыңдап, өмірлік тәжірибесін байытты.

Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерінің шектеулі контингенті шығарылған күн қарсаңында Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығыста әскери қызмет атқарған жауынгер ретінде компания әрқашан Айдарбай Избасарұлына құрмет көрсетіп келеді.

Әскерден кейін Айдарбай Избасарұлы еңбек жолын Сыңғырлау совхозында қарапайым жұмысшы болып бастайды. 1993 жылы совхоз жабылған соң, Жетібай ауылына қоныс аударып, төрт жыл бойы мұғалім болып қызмет атқарады. Әскердегі азаматтық борышын ерекше кезеңге тап болып өткізген ол ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып та үлгерді.

Одан соң Ақтау қаласындағы құрылыс мекемелерінде еңбек етіп, құрылыс саласында мол тәжірибе жинақтайды. 2002 жылы «Oil Construction Company» ЖШС-ға жұмысқа орналасып, ағаш шебері ретінде еңбек жолын жалғастырады. Табандылығы мен кәсіби шеберлігінің арқасында 4-дәрежелі құрылыс құрамдарын құрастырушы деңгейіне дейін көтерілді. Айдарбай Избасарұлы мекемеде 24 жыл бойы үздіксіз еңбек етіп, өзін жауапты, сенімді маман ретінде танытып келеді.

«24 жыл осы мекемеде қызмет атқардым. Өзім осы мекеменің алға басуына үлесімді қосып жүрмін деп есептеймін. Екінші жанұям деп қабылдаймын. Алдағы уақытта компаниямыз табысы мол, ірі ұжымдармен терезесі тең болуына тілектеспін», – дейді ол. Бұл сөздер оның ұжымға деген адалдығы мен шынайы жанашырлығын аңғартады.

Айдарбай Избасарұлы салауатты өмір салтын ұстанып, спортқа да бейжай қарамайды. Футбол, баскетбол, тоғызқұмалақтан жыл сайын өткізілетін жарыстарға қатысып, компания намысын қорғап жүр. Ұжым ішінде сыйлы, әріптестері арасында абыройлы азамат.

Отбасында үлгілі әке, қамқор жар. Жолдасы Жаңылсын сауықтыру бағытындағы мекемеде медбике болып қызмет атқарады. Екеуі 3 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсіріп отыр. Балаларының үшеуі – студент, екеуі – мектеп оқушысы. Өзі он балалы әулеттен шыққан Айдарбай Избасарұлы отбасын өмірінің мәні, балаларын ғұмырының жалғасы деп санайды.

Еңбек пен адалдықты өмірлік қағида-сына айналдырған, әскери борыш пен бейбіт еңбекті қатар ұштастырған Айдарбай Избасарұлының өмір жолы табандылықтың, жауапкершіліктің және қарапайымдылықтың қадірін айқындай түсетіндей.

Индира СӨТЕНБАЙ
«Oil Construction Company» ЖШС

РАЗДЕЛЬНЫЙ УЧЕТ КАК ИСТОЧНИК ПРОЗРАЧНОСТИ

В рамках реализации стратегической задачи по оптимизации затрат, обозначенной Председателем Правления АО «НК «КазМунайГаз» Асхатом Хасеновым, в ТОО «Мангистауэнергомунай» внедряется новый инструмент управления качеством – **системный учет Cost of Poor Quality (COPQ), или «стоимость низкого качества»**.

Сегодня оптимизация затрат – это не про сокращение расходов ради экономии. Это про уменьшение потерь, связанных с дефектами, ошибками и доработками, то есть про снижение COPQ. Именно такие расходы нередко остаются незамеченными, но способны существенно влиять на стоимость продукции, сроки и эффективность деятельности.

С внедрением системы раздельного учета расходов 1С:КУЗ появилась возможность по-новому взглянуть на структуру затрат. Опираясь на потенциал этой системы, в формы отчетности по корректирующим действиям при несоответствии услуг была введена новая колонка – идентификатор оказанной услуги в 1С:КУЗ.

Это простое на первый взгляд решение позволило:

- точно определять фактические затраты, направленные на устранение последствий низкого качества оказанных услуг;
- фиксировать затраченное на исправления время персонала;
- видеть реальную картину скрытых издержек, которые ранее «терялись» в общих статьях затрат.

Таким образом формируется

прозрачный и объективный механизм оценки влияния качества на финансовые результаты.

«Нельзя управлять тем, что не измеряешь». Под таким лозунгом 23 февраля старшим инженером по качеству Бекентаевым Б. проведена презентация для ТОО «Мангистау-энергомунай», в рамках которой продемонстрирована реальная аналитика COPQ по оказанным услугам технического обслуживания и текущего ремонта электрооборудования на месторождении Каламкас.

До внедрения такого подхода в компании отсутствовал системный учет затрат, связанных с исправлением дефектов. Многие доработки выполнялись фактически «вслепую», без понимания их стоимости и влияния на бизнес-процессы.

Теперь же каждая ошибка или доработка получает измеримую цену, создаются предпосылки для постоянного улучшения качества, что является основой зрелой производственной культуры.

В заключение отмечу, что оптимизация затрат – это не сокращение расходов ради сокращения. Это формирование системы, в которой качество становится измеримым, управляемым и прогнозируемым. Не разовых усилий, не отдельных инициатив, а именно системы.

Бекентаев Бекнар

Старший инженер по качеству
(специалист по управлению рисками)
ТОО «Мангистауэнергомунай»



ПАРОТИТ ИНФЕКЦИЯСЫ

Паротит (parotitis epidemica) - қызбамен, жалпы интоксикациямен, бір немесе бірнеше сілекей бездерінің ұлғаюымен, жиі басқа бездік органдардың және орталық жүйке жүйесінің зақымдалуымен сипатталатын парамиксовирустан туындаған жедел вирустық ауру.

Бұл аурумен жиі балалар ауырады, кәзіргі таңда ересектер арасында да жиі анықталып жатыр.

Жұғу жолдары: ауа тамшысы арқылы, Вирус науқастың ауыз қуысында, мұрын-жұтқыншақтың шырышты қабатында, қақырығында, сілекейінде жиналып, науқас түшкіргенде, жөтелгенде, сөйлегенде ауаға таралады. Ауа тамшы жолымен сау адамның тыныс жолдарына өтеді де, қанға еніп, қан арқылы сілекей, жыныс және ұйқы бездерін зақымдайды.

Клиникалық белгілері: дене температурасы 38,0-40,0°C дейін жоғарлайды, бас ауруы, қалтырау, ұйқының және тәбеттің бұзылуы, әлсіздік, шайнау және ауызды ашу кезінде ауырсыну, құлақ ауруы, ауыз құрғауы, сілекей бөлінуінің төмендеуі.

Ауру жедел басталады. Бірінші бір жақ құлақ маңы аймағында ісіну пайда болады, бірнеше күннен кейін екінші жағында ісіну пайда болады;

Интоксикация синдромы:

Температура субфебрильден (жеңіл жағдайларда)

38,0-40,0°C-қа дейін көтеріледі (орташа және ауыр жағдайларда). Аурудың 1-2-ші күндерінде қызба ең жоғары шегіне жетеді және 4-7 күнге созылады, температураның төмендеуі литикалық түрде жүреді. Эпидемиялық паротиттің асқынған жағдайында интоксикация және қызба толқындар түрінде жүреді, әрбір толқын жаңа асқынудың дамуымен байланысты

Асқынулар:

- Панкреатит (ұйқы безінің зақымдануы)
- Орхит (еркек жыныс бездерінің зақымдануы)
- Простатит (қуық асты безінің зақымдануы):
- Офорит (әйел жыныс бездерінің зақымдануы):
- Орталық және перифериялық жүйке жүйесінің зақымдану синдромы

- Серозды менингит

- Менингоэнцефалит аурудың 6-10 күнінде дамиды.

Бұл паротиттің сирек кездесетін ауыр асқынуы.

- Церебеллярлық атаксия.

- Мононеврит (бас сүйек нервтерінің зақымдануы),

ең алдымен 7-ші бассүйек нерві (перифериялық түрі) және 8-ші бассүйек нерві:

- Есту нерві зақымдалғанда – бас айналу, нистагм, шуыл, есту қабілетінің төмендеуі.

- Миелит пен энцефаломиелит аурудың 10-12 күнінде пайда болады және спастикалық төменгі парапарезбен және жамбас функциясының бұзылуымен (нәжіс пен зәр шығаруды ұстамау) сипатталады.

Алдын алу шаралары:

Аурудан кейін 9-шы күнге дейін оқшаулау қажет. Үй-жайларды желдету және дезинфекциялық ылғалды тазалау жүргізіледі.

Байланысқандар арасында эпидемиялық паротитпен ауырмаған және екпе алмаған 10 жасқа дейінгі балалар 21 күнге оқшауланады. Байланыстың 10-шы күнінен бастап жүйелі медициналық бақылау (қарау, темпера-тураны бақылау) жүргізіледі.

Паротит ошақтарында эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша иммундауға жататын адамдар анықталады. Науқаспен қарым-қатынаста болған (ауруға күдік болса), бұрын эпидемиялық паротитпен ауырмаған, вакцинацияланбаған (немесе тек бір рет егілген), белгісіз жұқпалы немесе вакцинация тарихы бар адамдар, сондай-ақ серологиялық зерттеулерде паротит вирусына қорғаныс антидене титрлері көрсетілмеген адамдар үшін иммундау қажет. Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша паротитке қарсы иммундау індет ошағында бірінші науқас анықталғаннан кейін 7 күн ішінде жүргізіледі.

Егерде сізді жоғарыда аталған шағымдар мазаласа, яғни дене температурасы 38,0-40,0°C дейін жоғарласа, бас ауруы, қалтырау, әлсіздік, шайнау және ауызды ашу кезінде ауырсыну, құлақ маңы ісінулер пайда болса, дәрігердің қабылдауына келіңіз!

Л.А. Бабишова
«Neiron-med» ЖШС Ақтау қ. филиалының
терапевт дәрігері

ЧЕМПИОНАТ МИРА ПО ФУТБОЛУ FIFA 2026



Группа А	Группа В	Группа С	Группа D	Группа Е	Группа F
Мексика	Канада	Бразилия	США	Германия	Нидерланды
ЮАР	Катар	Марокко	Парагвай	Кюрасао	Япония
Южная Корея	Швейцария	Гаити	Австралия	Кот-д'Ивуар	Тунис
Чехия	Босния и Герцеговина	Шотландия	Турция	Эквадор	Швеция



Группа G	Группа H	Группа I	Группа J	Группа K	Группа L
Бельгия	Испания	Франция	Аргентина	Португалия	Англия
Египет	Кабо-Верде	Сенегал	Алжир	Узбекистан	Хорватия
Иран	Саудовская Аравия	Норвегия	Австрия	Колумбия	Гана
Новая Зеландия	Уругвай	Ирак	Иордания	ДР Конго	Панама

ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ 2026

Уважаемые читатели, накануне старта Чемпионата Мира по футболу газета «Мұнайлы Өлке» объявляет о проведении розыгрыша «ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ».

Условия конкурса просты – нужно угадать всех призеров Чемпионата Мира - 2026 (команды, занявшие первое, второе и третье места), еще одним условием конкурса является обязательная подписка на аккаунты АО «Мангистаумунайгаз» в Facebook, Instagram и Telegram

Победителей конкурса ждут призы!

ОДИН УЧАСТНИК КОНКУРСА МОЖЕТ ПОДАТЬ НЕ БОЛЕЕ 5 КУПОНОВ!

ПОСЛЕДНИЙ СРОК ПОДАЧИ КУПОНОВ ПО 12 ИЮНЯ (ВКЛЮЧИТЕЛЬНО).

Вырежьте купон и принесите (пришлите) в редакцию «Мұнайлы Өлке» по адресу: 6 мкр. зд. АО «Мангистаумунайгаз» (КазНИПИ), 238, 241 кабинеты

Телефоны для справок: 211-885, 212-035.

1 МЕСТО	
2 МЕСТО	
3 МЕСТО	

Ф.И.О. _____

Должность: _____

Телефон: _____

Внимание!!! Принимаются только оригинальные купоны, вырезанные с газеты